

Ерте кезеңдегі токсикоз



Токсикоз – ағзаның жүктілікке бейімделуінің(адаптация) бұзылуы.

Этиология:

- Жатырдың патологиялық өзгерістері;
- жүйке жүйесінің бұзылуы;

Классификация:

- 1.Ерте кезеңдегі токсикоз.
- 2.Кеш кезеңдегі токсикоз.

1.Ерте кезеңдегі токсикоз – жүктіліктің алғашқы кезеңінде (алғашқы 1-3 айда) жүреді.

- жүкті әйелдердің 50-60% да кездеседі.

Клиника:

- құсу;
- лоқсу;
- асқа тәбеттің төмендеуі.

Құсу

Құсу – ағзадағы патологиялық өзгерістерге байланысты асқазан-ішек жолдарынан ауыз арқылы шығатын сұйықтық.

Этиология:

-Орталық жүйке жүйесінің қызметінің бұзылуы;

Клиника:

Құсу мерзімі:- күнде емес;

- таңертең;
- тамақтан кейін;
- күніне 5-6 рет.



Құсу ауырлығына байланысты: 1.Жеңіл; 2.Орташа; 3.Ауыр.

1.Жеңіл дәрежелі құсу:

- жүйке жүйесінің вегетативті бөлімінің функциясының бұзылуының себебінен.
- құсу, лоқсу, тәбеттік ауытқулар(ашыға құмарлығы);
- күніне 2-4 рет;
- ас қабылдағаннан кейін;
- салмағы сақталады;
- жалпы жағдайы қанағаттанарлық;
- пульс 90рет/мин;
- 10-15% жүкті әйелдер орта дәрежелі құсуға өтеді.
- бірнеше күнде өзі кетеді.

2.Орта дәрежелі кұсу:

- жүйке жүйесінің вегетативті бөлімінің функциясының бұзылуы күшейеді;
- кетоацидоз (көмірсу алмасуының бұзылуы) туындайды;
- ағзада жалпы зат алмасудың бұзылуы;
- тәулігіне 10 рет көп;
- ас қабылдауына байланыссыз;
- сусыздану;
- салмақ жоғалту;
- субфебрильді температура;
- тахикардия 90-100р/мин
- терісі құрғақ;
- әлсіздік;
- диурез төмендеген(ацетоурия);
- тілі құрғақ, қабыршақтар пайда болған;
- ҚЖА: эритроцит, гемоглобин аздап төмен;
- уақыты стационарда емделсе жоғалады;
- кейбір жағдайда Ауыр дәрежеге өтеді.

3. Ауыр дәрежелі құсу:

- уақытылы ем жүргізілгенде бұл дәреже сирек кездеседі;
- ішкі ағзалар мен жүйке жүйесінің ауыр дәрежелі бұзылуымен сипатталады;
- гиповитаминоз дамиды;
- зат алмасудың бұзылуы;
- метаболиялық ацидоз пайда болады;
- жалпы жағдайы ауыр;
- адинамия;
- қатты бас ауру;
- астан бас тарту;
- тәулігіне 20 дан көп;
- салмақ тастау;
- ішкен тамағын, суын құсу;
- емделмесе азып, терісі құрғақ, тері асты май қабаты жоғалады;
- тілі құрғақ, қабыршықталған;
- аузынан ацетон иісі;
- температура жоғарылауы мүмкін;
- ЗЖА: ацетон, белок, цилиндр;
- ҚЖА: билирубин жоғары;
- уақыты емделмесе кома дамиды.

Диагностика жасаудың қажеттілігі жоқ, себебі дәрежесін симптомдарға қарап анықтауға болады.

Емі:

- стационарда емделеді;
- систематикалық ем;
- жүйке жүйесінің вегетативті бөлімінің функциясын қалыпқа келтіретін ем:
- Ми сыңарларының қыртысын қалыптастыруға:
 - Бромид натрий 30-50мл 4% ерітінді 1р/тәул. Микроклизма арқ.
 - кофеин 1мл 10% ерітінді 2р/тәул. т/а егер науқас тамақты ұстай алса 0,1г 1-2р/тәул. Таб. Ішке.
- ОЖЖ/ШЖЖ қалыпқа келтіру:
 - Аминазин 0,025г 1-2таб. 1-2р/тәул. Ауыр дәрежеде 1мл 2,5% еріт. + новокаин 5мл 0,25% еріт. 1-2р/тәул. б/е. (к/т 1-2мл 2,5% аминазин + 500мл 5% тамшылатып 1р/тәул.) ем жүрген уақытта АҚҚ тексеріп тұру қажет.
- психотерапия;
- құсуға: дроперидол, пропазин,новокаин к/т, витаминдер
- зат алмасуды қалпына келтіру;
- ашығумен күрес;
- емнен кейін жүкті әйелдерге арналған санаторийға жіберген дұрыс.



О аударғандарыңызға рах

